

2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 09 қарашадағы № 447 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 12 қарашада № 3544 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 395 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 19.07.2016 № 395 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 5-тармағына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналар:

Алматы облысы бойынша 2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі осы қаулының 1- қосымшасына сәйкес;

2015 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Е. Шинтуринов) субсидиялауды қаржыландыруды жергілікті бюджеттен жүзеге асырсын.

3. Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 мамырдағы "2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы" № 228 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 4 маусымда № 3195 тіркелген және 2015 жылғы 6 маусымдағы "Жетісу" мен "Огни Алатау" газеттерінің № 64 жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет – ресурста және облыс әкімдігінің интернет – ресурсында жариялау жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровка жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А. Баталов

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы "09" қазандағы "2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы" № 447 қаулысына 1-қосымша

Алматы облысы бойынша 2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі

№ р/с	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы
1	Күздік бидай
2	Арпа
3	Дәндік жүгері
4	Күріш
5	Майлы дақылдар
6	Қант кызылшасы
7	Картоп
8	Көкөніс және бақша
9	Жабық топырақтағы көкөністер
10	Жемшөптік дақылдар
11	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарына
	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту (оның ішінде былтырғы жылдың күзінде) және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін

12	бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көпжылдық шөптер бойынша (көпжылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ғана ескеріледі)
13	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс
14	Қара бидай
15	Сұлы
16	Қара құмық

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы "09" қазандағы "2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы" № 447 қаулысына 2-қосымша

2015 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

№ р/с	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы	1 гектарға арналған бюджеттік субсидиялар нормалары, теңге	1 тоннаға арналған бюджеттік субсидияның нормасы, теңге
1	Күздік бидай	800	
2	Арпа	2400	
3	Дәндік жүгері	30000	
4	Күріш	17000	
5	Майлы дақылдар, соның ішінде:		
5.1	майбұршақ	4500	
5.2	күнбағыс	4500	
5.3	мақсары	4500	
6	Қант қызылшасы	30000	1500
7	Картоп	17000	
8	Картоп (өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген)	34000	

9	Көкөніс-бақша	15000	
10	Көкөніс-бақша (өнеркәсіп үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген)	30000	
11	Жемшөптік дақылдар	6500	
12	Бұршак тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарындағы	6500	
13	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту (оның ішінде былтырғы жылдың күзінде) және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көпжылдық шөптер бойынша (көпжылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ғана ескеріледі)	6500	
14	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс	6500	
15	Өнеркәсіп жылыжай кешенінде өсірілген жабық топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналымына)	3800000	
16	Фермерлік жылыжайда өсірілген жабық топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналымына)	1900000	
17	Қара бидай	800	
18	Сұлы	800	
19	Қара құмық	800	